

¹Байтенова Н.Ж., ^{1*}Бейсенов Б.Қ., ²Игисенова А.

¹әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

²Алматы технологиялық университеті, Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

*e-mail: otrar68@mail.ru

ЖАҢҒЫРУ АЯСЫНДА ИСЛАМТАНУЛЫҚ БІЛІМ БЕРУДІҢ ҚҰНДЫЛЫҚТЫҚ БАҒДАРЫ

Зайырлы қоғамда исламтану негіздерін оқытуда исламдағы түрлі ағымдардың және радикалды идеологияның ұстанымдарын ғылыми және салыстырмалы талдау тұрғыда түсіндіру маңызды. Зайырлы мемлекетте исламтану мамандығын оқыту міндеті діндар жастар дүниетанымында діндарлық пен зайырлы мәдениеттік ұстанымды, гуманистік және рухани – адамгершілік негіздерді қалыптастырады. Исламтану мамандығын оқыту үдерісі болашақ дін қызметкерлерінің бойына көркем мінезділік, сөз бен істің үйлесімділігі, имандылық, салауаттылық, ұлттық дәстүр мен руханилық нәрін егіп, оларды ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды ардақтауға үйретіп, ұлтаралық және конфессияаралық қатынас мәдениетіне, түпнұсқа әдебиеттермен жұмыс жасау мәдениетін меңгеруге, дін саласындағы мемлекеттік саясаттың мәні мен мұратын айқын түсіну және діни уағыздың заманауи әдістерін игеруге бағыттап, діни экстремизм мен фанатизмге қарсы күресе білетін күзирет қалыптастыруы тиіс. Оқу орнының беделін көтеретін бәсекеге қабілетті түлектері екендігі айқын. Зайырлы мемлекетіміздің дін саласындағы мемлекеттік саясаттын жан-жақты түсіне білетін және білімі мен білігін нақты іске асыратын дін қызметкерін даярлау уақыт талабы.

Түйін сөздер: Зайырлылық, жаңғыру, исламтанулық білім, қоғам, инновация, діни білім, бәсекеге қабілеттілік, ғылымилық, гуманизм.

¹Baitenova N.Zh., ¹Beysenov B.K., ²Igisenova A.

¹al-Farabi Kazakh national university, Kazakhstan, Almaty

²Almaty tehnological university, Kazakhstan, Almaty

*e-mail: otrar68@mail.ru

The value orientation of Islamic education in the framework of modernization

In the process of teaching the basics of Islam in a secular society, it is important to explain the various trends of Islam and the setting of a radical ideology from the standpoint of scientific and comparative analysis. The task of preparing Islamologists in a secular state means a harmonious combination of religious and secular culture, a humanistic and spiritual and moral basis in the worldview of believing youth. The process of preparation of Islamologists should presuppose the formation of unity of word and deed, morality, healthy way of life among future religious employees, adhere to national traditions and spirituality for the benefit of national and universal values, the formation of a culture of interethnic and interfaith relations, a clear understanding of the essence and methods of state policy in the field of religion, to master modern methods of religious preaching, to form a competence approach to combating religious extremism and fanatizm. The imperative of the time is to prepare a religious employee who understands the state policy in the sphere of religion in a secular state and uses his skills and knowledge with knowledge.

Key words: secular, modernization, competitiveness, islamic education, innovation, science, humanism.

Байтенова Н.Ж., Бейсенов Б.Қ., Игисенова А.

¹Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Республика Казахстан, г. Алматы

²Алматинский технологический университет, Республика Казахстан, г. Алматы

*e-mail: otrar68@mail.ru

Ценностная ориентация исламского образования в рамках модернизации

В процессе обучения основам ислама в светском обществе важно объяснить различные течения ислама и установки радикальной идеологии с позиции научного и сравнительного анализа. Задача подготовки исламоведов в светском государстве означает гармоничное сочетание в мировоззрении верующей молодежи установок религиозной и светской культуры, гуманистической и духовно-нравственной основы. Процесс подготовки исламоведов должно предполагать формирование у будущих религиозных служащих единство слова и дела, нравственности, здорового образа жизни, придерживаться национальных традиций и духовности на благо национальных и общечеловеческих ценностей, формирование культуры межэтнических и межконфессиональных отношений, четкое понимание сущности и методов государственной политики в области религии, усвоить современные методы религиозной проповеди, формировать компетентный подход борьбы с религиозным экстремизмом и фанатизмом. Веление времени подготовить религиозного служащего, который понимает государственную политику в сфере религии в светском государстве и со знанием применяет свои навыки и знания.

Ключевые слова: светскость, модернизация, конкурентоспособность, исламоведение, общество, инновация, религиозная образование, научность, гуманизм.

Кіріспе

Зайырлы мемлекетімізде дін мен қоғам арақатынасын, діни құндылықтардың қоғамдық өмір мен қоғамдық санадағы орны мен рөлін зерделеу әрқашан да өзекті болмақ. Дін адам мен азаматтың бостандығы мен құқығымен, дүниетанымы және мәдениетімен, діни сезімі және құндылықтық ұстанымымен байланысты. Дін қоғамдық сана формасы және әлеуметтік институт ретінде қоғам мен адам өмірінде нақты қызметтер атқарады. Дін әлеуметтік құбылыс ретінде адамдардың санасы мен мінез құлықтарына ықпал етуші объективті фактор. Зайырлы қоғамда дін дүниетанымдық, реттеуші, ұйыстырушы, мәдени-шығармашылықтық, рухани-адамгершіліктік және т.б. қызметтер атқарады. Сондықтан да зайырлы қоғамда діни білім беру мазмұнында әлемдік және дәстүрлі діндердің құндылықтарын ғылыми және зайырлы тұрғыдан зерделеу мен танып білу маңызды.

Қазіргі уақытта ақпараттық және интеллектуалды үдерістерде діндарлық пен сананың рөлі едәуір өсіп отыр. Мемлекеттік атеизм тұсында діни сана мен дін надандық пен арта қалушылықтың қайнар көзі деп қарастырылды. Жетпіс жылдан аса уақыт ішінде дін мен діндарлық деңгейіне өркениеттік тұрғыда зерттеулердің жүргізілмеу себебі қоғам мен ғылым өркендеген кезде дін өздігінен қоғамдық өмірден аластатылады деген сенімге сүйенді. Зерттеудің мақсаты-еліміздегі исламтанулық білім беру жүйесінің қалыптасуы мен даму жолдарын

талдай отырып, осы саладағы көкейкест мәселелерді зерделеу. Қазақ жеріне ислам діні мен мәдениеті орныққан тұста Отырар, Түркістан, Қарнақ, Сайрам, Созақ, Сығанақ қалаларында медреселер білім-ғылымошақтары болды. Патшалық Ресейдің отарлық кезеңінде Ахмет Риза, Лепсі, Мамания, Қапал медреселері – діни білім беру орталығы болды. XX ғасыр басында қазақ медреселерінде жаңа оқыту бағдарламасы реформаторлық бағыттағы жәдидшілік әдіснамасы енгізілді. Кеңестік атеистік кезеңде дін мамандарын оқыту мен тәрбиелеу коммунистік партия және кеңестік жүйе құрылымдарының қырағы бақылауында іске асты. Кеңестік заманда орталық азия елдері мұсылмандарының діни басқармасы Ташкент қаласында орналасты. Имамдар мен дін ұстаздары 1945 жылы ашылған Бұқара қаласындағы Мир-Араб медресесінде даярланды. 1961 жылы жабылған Баракхан медресесі орнына 1971 жылы Ташкентте жоғары білімді имамдар дайындалатын ислам институты ашылды. Посткеңестік елдердегі исламтанулық білім беру жүйесінде имамдар ислам университеттері мен медреселер және арнаулы орта білім беретін колледждерде даярланады. Атап айтсақ, өзбекстанда Ташкент ислам университеті және 60 медресе, он арнаулы ислами білім беру оқу орындары бар. Ресейде оннан аса имамдарды дайындайтын ЖОО және елуден аса медреселер жұмыс жасайды.

Батыс Еуропа елдерінде исламтанулық мамандығы бойынша білім беретін оқу орындары 1994 жылы Германияның Бонн

қаласында Сауд Арабиясы королінің қаржысына Ислам академиясы ашылды. Сонымен қатар, бұл елдің Тюбинген, Нюрнберг, Мюнстер, Франкфурт университеттерінде исламтану бөлімдері жұмыс жасайды. 1997 жылы Голандияның Роттердам қаласында медресе негізіндегі ислам университеті ашылды. Ұлыбританияда Оксфорд университетінің жанында исламтану зерттеу орталығы жұмыс жасайды. Соңғы жылдары Батыс Еуропа елдерінде ислам діні мен мәдениетін зерттеуге көңіл бөлінуде. Себебі, Батыс Еуропа елдеріндегі мұсылмандар санының өсуі және мигранттардың жаңа толқыны Еуропа қоғамында ислам дініне деген қызығушылық және исламофобиялық үдерістермен қатар өрбиде. Еуропа елдеріндегі исламтанулық зерттеулер университеттер аясында және гранттық жобалар негізінде жүргізілуде. Ислам діні мен мәдениеті туралы зерттеулер көбіне араб елдері және посткеңестік елдердегі діни жағдайды талдаумен байланысты қарастырылады. Әсіресе батыс зерттеушілерін Орталық Азия және Ресейдегі мұсылмандық оқу орындарының қалыптасуы мен даму жолдары қызықтырады.

Исламтанулық білім беру бағдарламасының ерекшеліктері нақты мемлекеттегі діни жағдаймен және дін саласындағы мемлекеттік саясаттың ұстанымдарымен байланысты қарастырылуда.

Кеңестік заманда Орталық Азия елдерінде дін ілімі негіздері құжырларда берілді. 1990 жылы қаңтарда Қазақстан мұсылмандар діни басқармасы құрылды. XX ғасырдың 90 – жылдарынан кейінгі идеологиялық вакуум салдарынан қоғамда сан түрлі жат діни ағымдар, әсіресе жастар арасында жылдам тарай бастады. Діни сауатсыздық салдарынан жалған діни ағымдардың жасанды ілімдеріне ергендер зайырлы және ұлттық құндылықтарды мансұқтай бастады. Мұның алдын алудың бір жолы ретінде білікті дін қызметкерлерін даярлау мәселесін шешу қажеттілігі туындады. Қазақстандағы исламтанулық білім беру жүйесі туралы Ә. Дербісәлінің Қазақстанның мешіттері мен медреселері А. Аруна. 2009 және Ә. Дербісәлі. Ислам – религия мира и созидания. Теологическо-религиоведческие, историко-филологические исследования, статьи и размышления, доклады и интервью. А. Дайк-Пресс. 2010. А. зерттелсе, Сабитов Н. Мектебі и медресе у казахов. А. 1950 атты еңбегінде кеңестік кезеңге дейінгі діни білім беру жүйесі талданған. Исмаил Гаспринский и Туркестан. Ташкент. Шарк, 2005 және М.Ф. Рахимкулова. Медресе Хусаиния в Оренбурге.

Оренбург Яна Вахыт, 1997 атты еңбектерде мұсылмандық білім беру орындарындағы жәдидтік білім беру әдіснамасы талданған.

2001 жылы тәуелсіз елімізде жоғары білімді дін қызметкерлерін даярлайтын орталық азиядағы теңдесі жоқ Нұр Мысыр ислам мәдениеті университеті ашылды. 2002 жылы имамдардың білімін жетілдіретін ислам институты ашылды. Сонымен қатар, арнайы орта діни білім беретін 11 медреселер жұмыс жасайды. Әлемдегі адам орны, адам өмірінің мәні мен мақсаты, ажал және ажалсыздық, жан мен тән арақатынасы, адам болмысы мен ғалам құрлысы сынды дүниетанымдық мәселелерді талдау дін ұстаздары үшін философиялық ойлау мәдениеттің тереңдігін талап етеді. «Жоғары оқу орындарының кадрлық құрамына, материалдық-техникалық жабдықталу деңгейіне, білім беру бағдарламаларына қатысты бақылау мен талап күшейтілуі тиіс» (Н.Ә. Назарбаев 31.01.2017:1). Еліміздің аймақтарында орта арнаулы діни білім беретін медреселер жұмыс жасауда. Исламтану түлектері адамзат мәдениетінде жинақталған адам, қоғам, әлем жөніндегі діни және діни емес дүниетанымның ерекшелігі туралы ғылыми ойтанымды терең меңгеруі тиіс. Болашақ дін қызметкерлерінің радикалды діни идеологиямен және дәстүрімізге жат жасанды діни ілімдермен күресе білетін күзіреттілігін қалыптастыру мен дамыту маңызды. Елімізде ислами білім беру ең алдымен мешіттер үшін білікті дін қызметкерлері мен исламтанулық білім беруші дін ұстаздары мен дін ғалымдарын даярлаумен байланысты. Мақаладағы тұжырымдар тарихилық пен логикалық, салыстырмалы әдіс, талдау, синтез, жүйелілік әдістері тұрғысынан зерттелді.

Негізгі бөлім

Исламтану мамандығы ислам тарихы мен салт-ғұрыптар жүйесі, сондай-ақ мәдени адамгершілік, дүниетанымдық, ғылыми, этномәдени, әлеуметтік құндылықтарды ұрпақтан-ұрпаққа сабақтастықпен беруші және адамның өзіне және қоршаған ортасына қатынасын қалыптастырушы, кешенді пәндер жүйесі ретінде дін қызметкерлерін гуманизмге, руханилыққа, зайырлылық мәдениеті мен отансүйгіштікке тәрбиелейді.

Исламтану мамандығын білім беру жүйесінде оқыту әлемдік және ұлттық мәдениеттің озық жетістіктерін үйрену мен дін мамандарының дүниетанымдық бағыт-бағдарын айқындауда, тұлғаның рухани бітім-болмысын қалыптастыруда өзіндік үлес қосары анық. Исламтану

мамандығының пәндері имамдардың ислам діні мен мәдениеті, ислам мен дәстүрлі ұлттық ділдің арақатынасы, діннің зайырлы қоғамдық өмірге тигізер ықпал әсерін, діни дүниетанымның құрылымы мен ерекшелігін, қоғамдық сананың формасы ретіндегі діннің атқарар қызметін игеруге және діни қызметтің мән-мағынасын түсінуге мүмкіндік береді. Исламтану мамандығын оқытуда ислам діннің пайда болуы және дамуы, қызмет ету заңдылықтарын, ислам өркениеті тарихында діннің алуан түрлі феномендерінің көрінуін, ислам және дәстүр, дін және мемлекет, діннің қоғамның басқа салаларымен өзара байланысы және өзара ықпал әсерін, діннің рухани әлеуеті мен құндылықтарын, ислам дінінің ғұрыптық ұстанымдарын және мазхабтардың ортақ тұстары мен айырмашылықтарын үйрету, исламдағы төзімділік пен келісім қағидаттарын дін қызметкерлерінің санасына рационалды түрде сіңіру жауапкершілікпен атқарылуы тиіс.

Дінді оқыту адам, қоғам, дүние туралы дүниетанымдық және философиялық сұрақтарға жауап іздеу болып келетіні даусыз. Білім берудің зайырлы жүйесінде дінтану пәнін оқыту қоғамда гуманистік және адамгершілік негіздерді қамтамасыз етуге көмектеседі. Исламтанулық білім беру мен тәрбиелеуде дінтану заманауи білім беретехнологиясының мүмкіндіктерін және іске асыру тәсілдерін, әдістерін құралдарын айқындау үшін әдістемелік және педагогикалық моделдерді іске асыру қажет. Білім беру мазмұнында дінтану пәнін оқытуда зайырлылық қағидаты әдістемелік негіз болу керек. Бүгінде әлем елдерінің басым көпшілігінде мемлекеттік мектептер зайырлы мәртебеге ие. Зайырлылықтың тарихына үңілсек, еліміздің зайырлылық қағидаты 1995 жылы қабылданған Ата Заңымызда бекітілген. Зайырлылық қағидаты қоғамның, халықтың, мәдениеттің және қазіргі білім берудің ұстанымы болу керек. Руханилық бұл болашақ ұрпақтың үйлесімді дамуының кепілі болуы керек. Сондай-ақ ол халықтың руханиятымен тығыз байланысты. Парасаттылық, имандылық, ізденгіштік, отансүйгіштік бүгінгі білім берудің негізгі ұстанымы. Исламтану гуманитарлық ғылымдармен тығыз бойланыста қарастырылуы тиіс. Исламтанулық білім беруде дінді кешенді және ғылыми тұрғыда түсіндіруге мән берілуі керек. Дін туралы теологиялық білім діннің шығуы мен дамуы туралы жүйелі білім береді. Исламтану оқу бағдарламасында міндетті пәндер Құран ілімдері, тәпсір, хадис ілімдері, сира, фикһ ілімдері, мінез-құлық, діни уағыз және шешендік өнер, араб тілін қамтиды. Сонымен

қатар, негізгі компоненттер – Қазақстан тарихы, философия, шет тілі және таңдау пәндері оқытылады. Оқу-тәрбие үдерісінде діни пәндермен қатар, зайырлы пәндерді оқыту адам және қоғам туралы білімді ұлғайтып, ұлттық мен азаматтық сананы қалыптастыруға үйретеді. «Мамандықтың негізгі пәндеріне міндетті түрде оқытылатын пәндер жатады. Бірінші орында оларға: Құран-Кәрім мен оның ілімдері, хадис-шариф пен оның ілімдері, фикһ пен фикһ негіздері, этика, ислам ақыл-ойы, пайғамбар өмірбаяны және ислам тарихы, ислам әлеміндегі қазіргі мәселелер кіреді» (М.Ф. Хижazi 2009:29). Исламтанулық білім беруге қатысты ана тіліміздегі оқу-әдістемелік оқу құралдары мен оқулықтар даярлау мәселесі де өзекті. Зайырлы қоғам мәдениетіне сай медреселерге арналған сапалы дәріс пен семинар сабақтарының бірыңғай әдістемелік құралдарын шығару маңызды. Исламтанушы мамандардың жетіспеушілігінен туындаған жағдайға байланысты молдаларды аймақтық және жергілікті сұраныстарға сай арнайы даярлау орынды. Діндар әйелдерге арналған уағыз әдістерін меңгерген діни білімді әйелдерді даярлау маңызды. Сондықтан ҚМДБ тарапынан ауыл-аймақ молдалары үшін арнайы ұйымдастырылатын білімді жетілдіруші курстар мен семинарлар, жазғы университеттер ұйымдастырылуы және молдаларға біліктілік жөнінде құжат беру уақыт талабы. Сондықтан да Жолдаудағы: «оқыту бағдарламаларын сыни ойлау қабілетін және өз бетімен іздену дағдыларын дамытуға бағыттау қажет» деген Елбасының тапсырмасы төртінші басымдықтың мәні мен бағытын айқындайды (Н.Ә. Назарбаев 31.01.2017:1).

Исламтану мамандарын оқытуда ең маңызды іс жаңа білім беру технологиясына және заманауи талапқа сай дін мамандарын даярлаудың тиімділігін артыратын жаңа бағдарламасын дайындау қажет. Бұл бағдарламада діни негіздегі радикалды идеологиямен уланғандарды тура жолға салудың діни және психологиялық әдістері жүйелі қарастырылуы тиіс. Терроризм философиясы және психологиясының әдіс-тәсілдерінің ақпараттық-коммуникация технологияларында қолданылуы имамдардың ғаламторды пайдалану құзіреттілігін арттыруды болжайды. Сонымен қатар, теріс ағымдардың беделді мүшелерімен пікір-сайыс жүргізетін денгейде құзіреттілікке ие дін қызметкерлерін даярлауда логика және риторика, мемлекет және дін, салыстырмалы дінтану, құқықтану пәндерінің өзіндік орны бар, сондықтан аталған пәндер еліміздің медреселерінің оқу бағдарламасына

жүйелі түрде енгізілуін және оқыту әдістемесін бір ізге келтірілуі тиіс.

Исламтану мамандығы бойынша оқыту әдістемесін жүйелеп жетілдіру үшін исламтанушы және дінтанушы ғалымдар мен мамандар қатысатын республикалық деңгейдегі конференциялар мен семинарлар еліміздің ірі қалалары мен аймақтарында өткізілуі тиіс. Елімізде исламтану саласында жиналған тәжірибені кең түрде қолдану мен насихаттау діни білім беру сапасын жетілдірумен қатар, исламтану мамандығының ұстаздары үшін оқу-әдістемелік көмек болар еді. Үйретуші семинарлар мен конференциялар исламтану мамандығының ұстаздары үшін білім мен тәжірибе алмасу бағытында жасалған маңызды қадам осындай іс-шараларда зайырлы елімізде діни білім берудің мақсаты мен міндеттері, исламтанулық пәндер жүйесі, зерттеу әдістері, ұғымдарымен терминдері, баяндау мен уағыз жүргізу әдістемесі, мәдениет жүйесіндегі діннің рөлі, радикалды діни идеологияға қарсы күрес әдістемесі туралы жан-жақты білім беру іске асырылады.

Діни фанатизм мен көзсіз еліктеушілікке қарсы тұратын қалқан болатын діни мәдениет пен діни сана қалыптастыру үшін діни білім беру зайырлы тұрғыда берілуі керек. Елімізде орныққан ұлтаралық келісім, діни төзімділік мәдениеті мен өзара құрмет қағидаты орныққан. Дін адамның рухани әлеміне тыныштық беріп, адамның абыройы мен ар-намысын үйретеді. Әрбір адамның жан-дүниесіндегі келісім мен ішкі мәдениет бұл қоғамдағы адамаралық қарым-қатынас мәдениетіндегі өзара түсіністіктің шарты. Әрбір адам парасатты және рухани дүниесі бай, рухы мықты болғанда ғана зұлымдық пен зорлыққа қарсы тұра алады. Сол себептен адам жанын тәрбиелеу және оның дүниетанымын қалыптастыру үшін әлемдік және дәстүрлі діндердің рухани құндылықтарын тиімді қолдану маңызды болып саналады.

Бүгінгі күнде еліміз үшін бейбітшілік пен келісімді сақтау маңызды. Сондықтан да дін қызметкерлері елімізде тіркелгендіні бірлестіктердің діни сенімі туралы хабардар болуы керек. Өйткені, дін этностың ұлттық сана-сезімі мен мәдениетінің ерекшелігін ашатын фактор. Еліміздегі діни білім беру орындары болашақ дін қызметкерлерін отансүйгіштік, төзімділік рухында тәрбиелеп, әлемдік және дәстүрлі діндердің құндылықтарына оң көзқарас қалыптастыруы тиіс. Ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетіне және жауапкершілікке, діндер мен мәдениеттер үнқатысуына, ұлыстардың ерекшелігін тү-

сіну мен сыйлауға, өзге діндегілерге құрметпен қарауға, діндердің құндылықтық негіздерін зайырлы ұстанымға сай қызмет жасауға үйретуі тиіс. Бұл діни білім беру жүйесі үшін өте өзекті болып табылады.

Зайырлы мәдениет және діни мәдениет ерекшелігін және жалпы адамзаттық құндылықтардың артықтығын, яғни діни және діни емес дүниетаным түсініктерінің біріктіруші және сұхбаттастық негіздерін төзімділікпен түсіндіру жұмыстары да маңызды. Исламтануды оқыту мазмұны мен әдістемесі зайырлылық пен төзімділік қағидаттары, ар-ождан, діни сенім бостандығы және ой-еркіндігі сынды еліміздің және халықаралық құқықтық құжаттар талаптарына сәйкес болуы тиіс. Исламтану мамандығын оқытуда заманауи ақпараттық-аналитикалық және оқу-әдістемелік негіздерге сүйену керек. Зайырлы қоғамдағы исламтанулық білімнің мақсаты – дінаралық түсіністіккөтербиеле (Aysun Yasar, 2013:127).

Исламтану жастардың өмірлік және дүниетанымдық құндылықтарын қалыптастырушы, азаматтық позициясын айқындаушы, гуманистік құндылықтарын бекітуші рөл атқаруы қажет. Діни оқу орындарының түлектері еліміздің рухани қауіпсіздігі және ұлтымыздың діни тұтастығын нығайту жолына қызмет етуі үшін жан-жақты білімді болуы шарт.

Діни білім беру оқу орындарымен қатар қазіргі уақытта дінтанулық білім беру орындарында діни пәндерді оқыту мазмұны да өзекті. Женева қаласындағы ЮНЕСКО-ның жанындағы халықаралық ағарту бюросының деректері бойынша дін негіздерін оқыту 73 елдің оқыту бағдарламасына енгізілген. Әлемнің 54 елінде дін негіздерін оқытуға берілетін орташа сағат көлемі 388 сағат немесе жалпы сағат көлемінің 8% құрайды. Аталмыш зерттеуде, әлем елдерінде дінтануды оқыту теологиялық немесе зайырлы сипатта болғандығы айқындалған. Исламтану мамандығы оқыту бағдарламасында қазақстандағы ибраһимдік діндердің рухани мұраларын салыстырмалы тұрғыдан талдау еліміздегі дінаралық татулық пен келісімді нығайтуға бағытталуы тиіс. Дәстүрлі діндердің қоғам өмірінде және ұлттардың рухани мәдениеті мен дүниетанымдық ұстанымдарындағы алатын орнын зерделеу имамдардың елдегі діни жағдайдың ерекшелігін танып білуіне жол ашады.

Әрбір діннің сенімдік ұстанымдары мен құндылықтарына құрметпен қарау, отансүйгіштік, төзімділік мұраттары мен ортақ құндылықтар жастардың санасына сіңіріліп, нақты бағдары ре-

тінде зайырлылық қағидатының негізде оқытылуы қажет. Зайырлы мемлекеттегі діни білім беру мәні нақты діни жүйе мен діндарлық деңгейін басшылыққа алады (Peter Schreiner, 2007: 81–82). Қазіргі исламтанулық білім беруде деструктивтік діни ілімдер және олардың харизматикалық діни басшыларына қарсы күресе білетін заманауи күзиреттілік қалыптастыру да маңызды. Жат діни ағымдар мен діни фанатизмге қарсы тұратын ұстаным қалыптастыру осы исламтану мамандығының міндеті болып табылады. Дін экстремизм мен терроризм қауіпін адам мен қоғам өміріне, мемлекет негізіне қауіпті індет екендігін жастарға байыпты және ғылыми тұрғыда түсіндірілуі қажет. Бұл 2013-2017 жылдарға арналған діни экстремизм мен терроризмнің алдын алуға байланысты қабылданған мемлекеттік бағдарламада нақты көрсетілді. Елімізде қалыптасқан діни жағдайды ескерсек, жас ұрпақты Мәңгілік Ел құндылықтары негізінде тәрбиелеу, плюрализм мен түрлі діни сенімдерді уағыздаған миссионерлік және жат – ағымдар жағдайында өзіндік дүниетаным қалыптастыру және өз ой-пікірінді айқындау, күмәнді ағымдарға сыни көзқарасты орнықтыру, адамзатқа ортақ құндылықтар мен ұлттық мәдениет құндылықтарды ардақтауды жас ұрпаққа қалай үйретеміз. Бұл міндеттерді шешу студенттер үшін исламтану мамандығының барынша өзекті де тиімді концепциясын дайындаумен қатар, қазіргі өзгермелі заман талаптарына сай әдістемелік және шығармашылық ізденіске негізделген жаңа білім беру бағдарламасы және оқытудың инновациялық әдістемесін жасау жолдарын табу өзекті.

Діни білім беру әдістемесі тұлғаның рухани болмысын жетілдіруге және мәдениетін қалыптастыруға, діни білім жетістіктерін жан-жақты түсінуге, діни ілімдерді зерделеп, талдауға үйретумен қатар, басқаның мәдениетіне түсіністікпен қарауға, діни толеранттылық және дінаралық келісім ұстанымдарын сыйлауға тәрбиелейді. Орта білім беру жүйесінде діни пәндерді оқыту діни сауатсыздық пен төзімсіздіктің алдын алуға көмектеседі (Diane L.: 2007:29).

Бәсекеге қабілетті дін қызметкерлерін даярлау.

Жаһандану үдерісінде әрбір ұлт өзінің салт-дәтүрі мен ұлттық сана тіректеріне сүйеніп, өзінің бет-бейнесін жоғалтпай, ұлттық болмысын айқындап, ұлттық рәмідерін асқақтатуға ұмтылуда. Біздің діндар жастар да, ұлтымыздың тілі мен ділін, тарихын, дәстүрін сыйлауы және ата мұрасын қастерлеуі тиіс. Дін мамандары дүниетанымында зайырлы және ұлттық қадір-

қасиетінен туған киелі ұғым түсініктерін құрметтеуді қалыптастыру еліміздің қарқынды инновациялық-индустриялық тұрғыда жаңғыруын қамтамасыз ететін ұлттық мүдде мен азаматтық парызға адал дін мамандарын белсенді іс-әрекетке тәрбиелеу болып табылады.

Дін қызметкері бітім-болмысы мен мәдениетімен, үлгілі өмірлік дерегімен және зиялы ұстанымымен ерекшеленіп, ғылыми және діни-философиялық мәселелер төңірегінде пікір-талас жүргізе алатындай деңгейде болуы оның діни қауым арасында беделді болуына оң ықпалын тигізеді.

Дін қызметкерлері білімі мен білігін, күзиретін рухани тәлім-тәрбиелік іс-шараларда, діни төзімділік пен ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру және түрлі лаңкестік және экстремистік, зиянды ағымдардың керітартпа ілімдерінің алдын алу мақсатында іске асыру тиіс.

Қазіргі заманғы оқыту әдістемесі исламтану мамандығының практикалық маңызын ашумен қатар, интеллектуальды тұрғыдан тағылымды, оқып-зертеу үшін қызықты, дін маманы үшін берері мол рухани және зайырлы білім беруі қажет.

Дін мамандары қоғам өмірі менадамаралық қатынасты ізгілендіру үдерісінде өзіндік рөл атқарады. Діни мәдениет пен шынайы руханилық бұл маңызды гуманистік құндылық. Бүгінгі дін қызметкеріне үлкен жауапкершілік жүктейді. Заманауи имам ақыл-парасатымен, жеке мәдениетімен, рухани дүниесінің байлығымен, шығармашылық әлеуетімен, жауапкершілік сезімімен даралануы тиіс.

Дін ұстазы дін негіздерін зайырлы мемлекеттік құндылықтарға сәйкес салиқалы байыпты түрде түсіндіргені жөн. Имамның діни қызметі діндарлардың діни сұранысы мен рухани қажеттіліктерін толық қамтуы тиіс. Исламтану мамандығының студенттеріне адамзат өркениетіндегі діннің шығу тарихын және діни ілімдер мен ғұрыптар жүйесі жайлы, әлеуметтік институт ретіндегі діннің қызметін, қоғамдағы конфессияаралық қатынас мәдениетін қалыптастырушы төзімділік қағидаларын, дәстүрлі діндердің жалпыадамзаттық құндылықтарын, дін саласындағы мемлекеттік саясат, мемлекет пен дін, қоғам мен дін, дін мен дәстүр байланысы, дін және құқық, зайырлы мемлекеттегі діни ұйымдардың қызмет ету негіздерін оқыту зайырлы мемлекеттегі діннің қызмет ету аясы туралы толыққанды ғылыми түсінік берілуі тиіс. Еуропа елдеріндегі діни білім беру діни сұқбаттастық мәдениетін қалыптастыруға бағытталады (Peter Schreiner, 2002: 87).

Еліміздегі ислам тарихын зерттеудің тарихнамалық және деректанулық әдістемелік ұстанымын заманауи талапқа сай жетілдіру үшін исламтанулық және теологиялық әдебиеттердің бірыңғай деректік жүйесін құрған жөн. Зайырлы білім беру жүйесінде исламтанулық білім беру мазмұның ислам діні мен діни ілімдік ерекшеліктерін оқытудың әдіснамалық өзегін ғылыми бағдар мен зайырлылық қағидаты құрайды. Діндер ілімі мен тарихын оқыту барысында нақты діннің сенімі мен ғибадатын, өркениеттік құндылықтарын және рухани мұрасын зерделеуде ғылымилық және объективтілікті ұстану қажет. Ел тарихындағы көрнекті дін қайраткерлерінің еңбектерін оқыту процесіне енгізу ұлттық рухани мұрамызды егжей-тегжейлі танып білуге жол ашады. Зайырлы қоғам мәдениетіне сай сапалы дінтанулық және діни әдебиеттер даярлау өзекті. Діни білім беретін оқу орындарына арналған оқулықтар мен оқу құралдарын даярлаудың бірыңғай әдістемелік жүйесін құру және исламтанулық білім берудің әдістемелік тәсілдерін заман талаптарына сай жетілдіру де маңызды. Дін мамандарын даярлау адам, қоғам, дүние туралы философиялық – дүниетанымдық мәселелерді зерделеу және талқылаумен тығыз байланысты. Бұл мәселелерді қарастырғанда исламтану діни ілім құндылықтарын ғылыми түсіндіруге, философия, тарих, антропология және жаратылыстану ғылымдар мұрасына, ғылым мен техника жетістіктеріне сүйенеді. Ислам діні және исламдық білім негіздері еуропалық мұсылман жастардың өмірінде бірегейлікті қалыптастырушы тұғыр (Jenny Berglund, 2013: 207–227).

Зайырлы қоғамда исламтану негіздерін оқытуда исламдағы түрлі ағымдардың және радикалды идеологияның ұстанымдарын салыстырмалы тұрғыда түсіндіру маңызды. Зайырлы мемлекетте исламтану мамандығын оқыту міндеті діндар жастар дүниетанымында діндарлық пен зайырлы мәдениеттік ұстанымды, гуманистік және рухани-адамгершілік негіздерді қалыптастырады.

Қорытынды

Исламтанулық білім беру мазмұнында діни және зайырлы мәдениет үндестігі, діни және зайырлы білім беру қағидаты оқытудың әдістемелік негізі болғаны жөн.

Исламтану мамандығының білімгерлері имандылық, ғылымға құштарлық, отан сүйгіштік, ұлтжандылық, әдептілік, ибалылық, төзімділік сынды қасиеттерімен дараланып, жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды толыққанды түсініп, бұл олардың өмірлік жолдарында діни және зайырлы мәдениетті қатар ұстануына септігін тигізеді деп ойлаймыз.

Әсіре діншіл топтарға қарсы діни-ағартушылық жұмыстың тиімді тәсілдерінің бірі өңірлердегі діни ахуалдардың динамикасы мен тенденцияларына ықпал етуші жағдайларды анықтау исламтанулық зерттеулер жүргізуде негізгі мақсаттардың бірі деп білеміз. Зайырлы мемлекетте исламтану мамандығы діни сауаттылықты арттыруға, дін қызметкерлерінің беделін көтеруге және деструктивтік ағымдардың алдын алуға көмектеседі. Исламтану мамандығын оқыту үдерісі болашақ дін қызметкерлерінің бойына көркем мінезділік, сөз бен істің үйлесімділігі, имандылық, салауаттылық, ұлттық дәстүр мен руханилық нәрін егіп, оларды ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды ардақтауға үйретіп, ұлтаралық және конфессияаралық қатынас мәдениетіне, түпнұсқа әдебиеттермен жұмыс жасау мәдениетін меңгеруге, дін саласындағы мемлекеттік саясаттың мәні мен мұратын айқын түсіну мен діни уағыздың заманауи әдістерінің етуге бағыттап, діни экстремизм мен фанатизмге қарсы күресе білетін құзірет қалыптастыруы тиіс. Оқу орнының беделін көтеретін бәсекеге қабілетті түлектері екендігі айқын. Зайырлы мемлекетіміздің дін саласындағы мемлекеттік саясаттын жан-жақты түсіне білетін және білімі мен білігін нақты іске асыратын дін қызметкерін даярлау уақыт талабы.

Әдебиеттер

- 1 Н.Ә. Назарбаев. Қазақстанның Үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік. // Егемен Қазақстан. 31.01.2017;
- 2 М.Ф. Хижazi. Жоғары оқу орындардағы исламтану мамандығы және оның болашағы. // Исламтану және араб философиясы мәселелері. Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. – А., 2009. – 29 б.;
- 3 Н.Ә. Назарбаев. Қазақстанның Үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік. // Егемен Қазақстан. 31.01.2017;
- 4 Aysun Yasar, “Islamic Instruction at Public Schools in Germany: Expectations and Challenges,” in *Islamic Education in Secular Societies*, ed. Ednan Aslan and Margaret Rausch. – (Frankfurt am Main: Peter Lang, 2013. – 127 p.;
- 5 Peter Schreiner, “Religious education in Germany,” in *Religions Education in Europe*, ed. Elza Kuyk et al. – Oslo: IKO Publishing, 2007. – P. 82;

- 6 Diane L. Moore, *Overcoming Religious Illiteracy: A Cultural Studies Approach to the Study of Religion in Secondary Education*. – New York: Palgrave Macmillan, 2007. – 150 p.;
- 7 Peter Schreiner, “Religious Education in the European Context,” in *Issues in Religious Education*, ed. Lynne Broadbent and Alan Brown. – London: Routledge Falmer, 2002. – P. 87.;
- 8 Jenny Berglund, “Islamic Identity and its Role in the Lives of Young Swedish Muslims.” – *Contemporary Islam: Dynamics of Muslim Life* 7. – no. 2, 2013. – 227 p.

References

- 1 N.A. Nazarbaev. *Kazakhstannyn ushinshi zhangyruy: zhakandyk basekege kabilettilik*. // *Egemen Kazakhstan*. 31.01.2017;
- 2 M.F. Hidzhazi. *Zhogary oku oryndaryndagy islamtanu mamandygy zhane onyn bolashagy // Islamtanu zhane arab filologiyasy maseleleri. Khalykaralyk konferentsya materyaldary*. – A. 2009. – 29 b.;
- 3 N.A. Nazarbaev. *Kazakhstannyn ushinshi zhangyruy: zhakandyk basekege kabilettilik*. // *Egemen Kazakhstan*. 31.01.2017;
- 4 AysunYasar, “Islamic Instruction at Public Schools in Germany: Expectations and Challenges,” in *Islamic Education in Secular Societies*, ed. Ednan Aslan and Margaret Rausch. – Frankfurt am Main: Peter Lang, 2013. – 127 p.;
- 5 Peter Schreiner, “Religious education in Germany,” in *Religions Education in Europe*, ed. ElzaKuyk et al. – Oslo: IKO Publishing, 2007. – P. 82.;
- 6 Diane L. Moore, *Overcoming Religious Illiteracy: A Cultural Studies Approach to the Study of Religion in Secondary Education*. – New York: Palgrave Macmillan, 2007. – 150 p.;
- 7 Peter Schreiner, “Religious Education in the European Context,” in *Issues in Religious Education*, ed. Lynne Broadbent and Alan Brown. – London: Routledge Falmer, 2002. – P. 87.
- 8 Jenny Berglund, “Islamic Identity and its Role in the Lives of Young Swedish Muslims,” *Contemporary Islam: Dynamics of Muslim Life* 7. – no. 2, 2013. – 227 p.